

Н. Жансамат, 3-курс

Ғылыми жетекші — А. М. Ғалым, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

Қылмыстық іс жүргізудегі тергеу судьясы қызметінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан — 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қылмыстық іс жүргізу жүйесін жетілдіру қажеттілігін атаған. Қоғамдағы демократиялық үрдістер адам және азаматтың құқықтарын қамтамасыз етудің нақты тетіктерін құру, оңтайлы құқықтық механизмдерді енгізу мақсатында, қылмыстық-процессуалдық заңнамасының тиімді қолданылуын жүзеге асырылатын заңнамалық реформалардың бірі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (ары қарай ҚПК). Жаңа ҚПК бұрын болмаған процессуалдық тұлға «тергеу судьясы» лауазымын белгіледі¹. Қазақстан Республикасы ҚПК 54-бабының 3-бөлігінде — тергеу судьясы — бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жатады. Тергеу судьясын (судьяларын) осы сот төрағасы судьялардың қатарынан тағайындалады. Тергеу судьясын алмастыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін Тергеу судьясы көп судьялардың ішінен тергеу барысында, яғни, қылмыстық іс қозғалғаннан бастап, сотқа түскенге дейінгі аралықта сот бақылауын жүргізіп отыратын судья болғандықтан, ол мынадай бірнеше өкілеттіктерді атқарады:

- санкциялау: күзетпен ұстауды, ұйқамақты, лауазымнан уақытша шектеуді, жақындауға тыйым салуды, экстрадациялық қамақты, мүлікке тыйым салуды санкциялау;
- күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадациялық қамақ мерзімдерін ұзарту;
- кепілді қолдану;
- күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және сот-медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру;
- бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталынған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру;
- мәйітті эксгумациялау;
- күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды.

Тергеу судьясы өз шешімінің заңдылығы мен негізділігін көздеу мақсатында сотқа дейінгі өндірістің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге, сот отырысына барлық қатысушыларды шақыруға, қылмыстық іс бойынша толық мәліметтерді алуға құқылы. Мұнымен қоса, тергеу судьясы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік

заңына сәйкес, істі мәні бойынша шешу кезінде сот қарауының тақырыбы бола алатын мәселелерді алдын ала шешпеуі, тексерудің бағыты жөнінде және тергеу әрекеттерін жүргізуге нұсқау беруге тиіс емесⁱⁱ.

Қылмыстық-процестік заңнамада көзделген ретте тергеу судьясы анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды. Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды.

Қазіргі кезде тергеу судьясына қатысты бірнеше мәселелер туындап жатыр. Тергеу судьясы сот төрағасы судьялардың қатарынан тағайындалады. Ал олардың қызмет уақыты қалай айқындалады деген сұраққа жауап беру қиындық туындатып отыр. Егер мерзім түнгі уақытқа түссе іс кіммен қаралмақ? Мұндай жағдайды заңмен реттеу орынды.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің жаңа заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге көзделген.

Тергеу судьясының қылмыстық-процестік қызметі барлық қылмыстық процесте маңыздылығы бар, өйткені оның іс-әрекеті мен шешімінен істің барысы, нәтижесі байланысты болады. Жаңа Қылмыстық-процестік Кодекске енгізілген бұл жаңалықтар халықтың сотқа деген сенімінің артуына, соттың өкілеттіктерінің кеңеюіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сот тарапынан халықаралық стандарттарға сай барынша қорғалуына кепіл беретіндігін айқындайдыⁱⁱⁱ.

Тергеу судьясының оған заңмен қарастырылған міндеттерін дұрыс орындалуынан сотқа дейінгі кезеңде әрбір адамның сот қорғанысына құқықтың және құқықтың нығайтуына ықпал жасайды. Тергеу судьясына берілген өкілеттік шеңбері сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында адамдардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының қосымша кепілі болады деген сенімдеміз.

ⁱ «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // <http://online.zakon.kz/>

ⁱⁱ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 шілдедегі № 568 Қаулысы // <http://online.zakon.kz/>

ⁱⁱⁱ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V // <http://online.zakon.kz/>